

Жетісу облысы әкімдігінің «Жетісу облысының денсаулық сақтау басқармасы» мемлекеттік мекемесінің шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ҰЖЫМ ЖИНАЛЫСЫНЫҢ ХАТТАМАСЫ

Сарқан қаласы

29.05.2026 жыл

Тақырып бойынша оқыту дәрісі - сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және оған жол бермеу мәселесі.;

Баяндамашы: комплаенс-офицер Даутов Дидар Алимханович

ШЖҚ «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» МКК-ның комплаенс-офицері Даутов Дидар Алимханович, шаруашылық жүргізу құқығындағы «Сарқан аудандық орталық ауруханасы» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының аға медбикелеріне, қызметкерлеріне сыбайлас жемқорлық қылмыстары бойынша оқыту дәрісін өткізді.


Сыбайлас жемқорлық – қызметтік өкілеттіктерді жеке пайда табу мақсатында заңсыз пайдалану. Бұл қоғамның дамуына кедергі келтіріп қана қоймай, мемлекеттік органдар мен ұйымдарға деген сенімді төмендетеді. Сондықтан сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру әрбір қызметкердің маңызды міндеті болып табылады.

Сыбайлас жемқорлықтың негізгі көріністеріне пара алу немесе беру, қызметтік жағдайды жеке мүдде үшін пайдалану, заңсыз артықшылықтар көрсету және мүдделер қақтығысына жол беру жатады. Мұндай әрекеттер заң талаптарын бұзып, ұйымның беделіне нұқсан келтіреді.

Әрбір қызметкер өз қызметтік міндеттерін адал, ашық және жауапкершілікпен атқаруға тиіс. Қызмет барысында заң талаптарын сақтау, азаматтарға тең дәрежеде қызмет көрсету және этикалық нормаларды ұстану – сыбайлас жемқорлықтың алдын алудың негізгі шарттары.

Қазақстан Республикасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мемлекеттік саясаттың басым бағыттарының бірі болып табылады. Осыған байланысты барлық қызметкерлер заң талаптарын қатаң сақтап, кез келген құқық бұзушылықтың алдын алуға атсалысуы қажет.

Қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлық – қоғам мен мемлекеттің дамуына қауіп төндіретін құқық бұзушылық. Оған қарсы күрес әрқайсымыздың азаматтық және кәсіби міндетіміз. Сондықтан адалдық, әділдік және жауапкершілік қағидаларын басшылыққа алып, қызметтік міндеттерді жоғары деңгейде орындауға шақырамын.
Назарларыңызға рақмет!

Хатшы:  Данабаева А.Н

Комплаенс-офицер:  Даутов Д.А

